

**Балаларға арналған Киелі кітап
ұсынады**

**Петір мен
мінәжаттың күші**



Мәтінін жазған: Edward Hughes

**Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson**

Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy


**Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org**

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

**Петір елші Иса туралы
басқаларға айту
үшін бүкіл елді
аралап жүрді.**




**Бірде ол Лудда деген
қалада ол сегіз жыл
бойы төсекке таңылып
жатқан сал адамды
кезіктірді. «Иса Мәсіх
сені сауықтырады, –
деді Петір. –Орныңнан
түр да, төсегіңді жина».
Ер адам дереу орнынан
тұрды. Мұны көрген
адамдар Иемізге
сенді.**




Көрші қала Иоппеді адамдар қайғыға батты. Табита есімді мәсіхші әйел жаңа ғана қайтыс болған. Өкінішке орай оның достары оның мәйітін жерлеуге дайындап, сосын жоғарғы бөлмеге орналастырды, олар сол жерде бірге қайғырды.

3



Бірақ Табитаның достары Петірдің осы жақын жерде екенін естіді. Олар Петірді дереу Иоппеге шақырды. Ол жоғарғы бөлмеге көтерілген кезде, жесір әйелдер Табита тіккен киімдерін көрсетті. Бәрі жылады.

4



Бірақ Петір олардың бәрін шығарып жіберді де, тізесін бүгіп сиынды. Сосын мәйітке бұрылып: «Табита, тұр!» – деді. Ол көзін ашты да, Петірді көрген кезде, орнынан көтеріліп отырды.

5



Мұнан соң ол оған қолын беріп орнынан тұрғызды, сосын қасиеттілерді (мәсіхшілерді) шақырып, өлімнен тірілген Табитаны көрсетті. Бұл бүкіл Иоппеге мәлім болып, көп адамдар Иемізге сенді.

6




Петір ұзақ уақыт Иоппеді, теңіз жағасындағы үйде қалды. Бір күні Петір сиыну үшін үйдің шатырына көтерілген. Егер ол қала

қабырғасының арғы жағына қараса,

өзіне келе жатқан үш жолаушыны көрер еді.

7



Бұл адамдар Құдайға ғибадат ететін Корнел есімді римдік жүзбасының қызметшілері еді. Корнел өзінің қызметшілерін Петірді тауып алып келуге жіберген, өйткені

періште оған: «Петірге адам жібер. Ол теңіз жағасында тері өңдеуші Шимонның үйінде тұрып жатыр. Сенің не істеуің керекін сол айтады», – деген еді.

8

Петір үйдің төбесінде мінәжат етіп отырғанда, Құдай оған аян көрсетті. Ол бір жерге түсіп келе жатқан үлкен жаймаға ұқсайтын. Оған жан-жануарлар мен

күстар бейнеленген. Петір оларды «арам» деп айта алатын. Яғни мұның мағынасы діншіл еврейлерге оларды жеуге болмайтын. Кенет оған бір дауыс естілді: «Тұр, Петір, біреуін сойып же!»




9

«Олай емес, Ием!» Петір Құдайға айтты: «Өйткені мен ешқашан әдеттен тыс немесе арам нәрсе жеген емеспін». Дауыс оған екінші рет былай деді: «Құдай тазалағанды сендер арам демеу керексіңдер». Бұл үш рет қайталанды. Сосын жайма көкке көтеріліп кетті.



10

Петір бұл аян не мағына беретінін түсінбеді. Ол осы туралы әлі де ойланып отырғанда, Құдай оған үш ер адам өзін іздеп келгенін, солармен бірге баруы керектігін айтты.



11

Үш адам періштенің Корнелге Петірге адам жіберіп шақыруы керектігін бұйырғанын айтқан кезде, Петір өзін Құдай жетелегенін түсінді. Келесі күні ол өзінің алты досымен бірге Корнелдің үйіне аттанды.



12

Ұлты еврей емес адамның үйіне бара жатқан кезде, Петір Құдайдың барлық адамдарды сүйетінін түсіне бастаған болар: Құдай Исаның бүкіл әлемнің Құтқарушысы екенін барлық халықтар білгенін қалайды. Петір келіп жеткенде, Корнел оның алдында тағзым ету үшін аяғына жығылды.



13

«Тұрыңыз. Мен де адаммын», – деді Петір Корнелге. Содан кейін ол үйдегі барлық адамдарға: «Сіздер еврейге басқа ұлт адамымен сөйлесуге немесе үйіне баруға болмайтынын білесіздер», – деді. «Бірақ Құдай маған бірде-бір адамды жай адам немесе арам деп атауға



болмайтынын көрсетті».


14

Петір осы басқа ұлттық адамдарға Исаның бүкіл әлемнің Құтқарушысы болу үшін айқышта өліп қайта тірілген Құдайдың Ұлы екенін айтты. Сосын Киелі Рух олардың бәріне қонып, олардың бәрі Құдайды мадақтай бастады. Петірдің алты еврей досы қайран қалды. Бұл, Елуінші күн мейрамына ұқсас еді. Киелі Рух басқа ұлттарға да төгілді.



15

Мұнан соң Петір Исаға жаңа сенгендерді шомылдыру рәсімінен өткізді.



16

Иерусалимде мәсіхшілер Петірді басқа ұлт адамдарына барғаны үшін жазғырды. Сонда Петір оларға өзі мен Корнелдің сиынып отырған кезде, көрген аяндары жайында айтты. Мұны естігенде иерусалимдік мәсіхшілер үндемей қалды. Содан олар мінәжат арқылы Өзінің сүйіспеншілігі барлық адамдарға арналғанын көрсеткені үшін Құдайды мадақтады.



17

Петір мен мінәжаттың күші

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Елшілердің істері 9-12

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

20

Соңы

57

60 19